

## Мемлекеттік органдардың рейтинг агенттіктеріне ақпарат беру жөніндегі қызметін үйлестірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі. 2002 жылғы 31 шілде N 116-ө

**Ескерту. Мәтіндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.03. N 191** өкімімен. Қазақстан Республикасының егеменді кредит рейтингін қайта қарау шеңберінде республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпаратты дайындау және рейтинг агенттіктеріне беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының оң инвестициялық бейнесін қалыптастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі рейтинг агенттіктерімен жұмыс жөніндегі уәкілетті орган және мынадай іс-шараларды о р ы н д а у ғ а :

- 1) тұрақты негізде ақпаратты дайындауға және рейтинг агенттіктеріне беруге;
- 2) Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының және ұлттық компанияларының тиісті ақпаратты уақытылы дайындау және рейтинг агенттіктеріне беру жөніндегі қызметін үйлестіруге;
- 3) рейтинг агенттіктері өкілдерінің Астана қаласына сапарларын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды үйлестіруге жауапты болып белгіленсін.

2. Рейтинг агенттіктеріне ақпаратты тұрақты беруді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі:

- 1) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарымен және ұлттық компанияларымен бірлесіп мерзімдері мен жауапты орындаушыларды көрсете отырып, рейтинг агенттіктеріне тұрақты негізде берілетін ақпараттың көрсеткіштері мен нысандарының тізбесін айқындасын;
- 2) ақпаратты жинауды және рейтинг агенттіктеріне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және ұлттық компаниялары Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігіне ақпаратты осы өнімнің 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген кесте түрінде қағаз және электронды көздерде берсін. <\*>

4. Елдің егеменді кредит рейтингін анықтау үшін қосымша ақпаратты беру туралы рейтинг агенттіктері сұрау салған кезде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және ұлттық компаниялары өздерінің құзыретіне сәйкес Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігіне тиісті сұрату бойынша мұндай ақпаратты (мүмкіндігінше ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге) уақтылы және сапалы беруді қамтамасыз етеді деп белгіленсін.<\*>

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК